



# Жалағаш жаршысы



«zhlagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Президент Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Президенті:

### Ең басты мақсат — іскерлік ахуалды жақсарту

Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесті. Еліміздің бизнес қоғамдастығымен өткен кездесу мемлекет пен экономиканы дамытуға үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің мақсат-ниеті бір екенін көрсетті. Президент айқындаған стратегиялық міндет — экономиканы нығайту арқылы Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтау және күшейту. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл міндет ұлттық идеяның маңызды элементіне айналуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның басты мәселерін шешу жолында Қазақстан жаңа көзқарастар мен тәсілдер дәуіріне қадам басқаның, ал ескірген стереотиптер өткеннің еншісінде қалғанын атап өтті. Сондықтан еліміз түбегейлі өзгеріп, жаңа жағдайға бейімделуі керек.

Президент мемлекеттің болашағы, соның ішінде ескелең ұрпақтың келешегі осы мәселенің шешіміне тікелей байланысты деп санайды. Оның айтуынша, ірі инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік және логистика салалары экономиканы дамытудың басым бағыттарына айналуға тиіс. Бұл ретте шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі ұдайы Үкімет назарында болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойылған міндеттерді шешу жолында мемлекет пен ірі кәсіпорын иелерінің арасындағы нәтижелі серіктестіктің маңызды екенін атап өтті.

— Ірі бизнес болмаса, Қазақстан экономикасының өлеуінің толық ашу мүмкін емес. Бізге экономиканың дамуын жаңа деңгейге көтеру үшін инфрақұрылым, индустрия, цифрландыру және басқа да салаларда серпінді әрі ауқымды жобалар қажет. Мұны іске асыруға ірі бизнесмендердің шамасы жетеді. Сіздерде оған қажетті қаржы да, мамандар да, ең бастысы, білім мен тәжірибе де бар. Бұл ретте инвестиция салуға тәртіпті дәстүрлі салаларға мән беріп қана қоймай, табыс әкелетін жаңа бағыттарды қарастырып жөн. Қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдік сауда қиындарымен ескерсек, көлік-логистика саласының орасан зор әлеуеті елеусіз қалып жатыр. Тәжірибелі автомобиль және әуе арқылы жүк тасымалына сұраныс артып келеді. Іс жүзінде, аталған сектор басымдыққа ие бола бастады. Кейбір шолушылардың айтуынша, пайдасы да мол. Болашағы зор тағы бір сала — туризм. Шетелдіктер Қазақстанның тұрса табиғатына, халқымыздың салт-дәстүрі мен тарихи мұрасына ерекше қызығушылықпен қарайды. Бірақ отандық туризмнің өлеуеті зор десек те, нақты іске келгенде бұл салада олқылықтар мен кемшіліктер көп. Сондықтан Үкімет туризмді дамытуға мейлінше көбірек инвестиция тарту үшін қосымша шараларды ұсынады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміздегі іскерлік ахуалды жақсарту — ең басты мақсаттардың бірі.

— Квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді. Реттелетін сатып алуларға бизнес өкілдерінің өтім берген жағдайда, оған мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуына заң жүзінде шектеу қойылды. Бизнесті негізгі қыспаққа алудан және салалық органдардың заңсыз тексеруінен қорғау үшін жүйелі жұмыс қолға алынды. Қылмыстық кодекстің бес бабы ізгілендірілді. Екі бап бойынша қылмыстық жауапкершілік тарту талаптары жоғарылады, экономикалық құқық бұзушылықтың 29 түрі бойынша тұтқындауға тыйым салынды. 2022 жылдан бері кәсіпкерлік саласында тіркелген қылмыстық істердің саны екі есе қысқарды. Бұдан бөлек, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін өкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Инвесторларды негізсіз тексерудің, оларға айыппұл салудың алдын алып, рұқсаттама беруге кедергі келтірмес үшін «прокурор сүзгісі» енгізілді. Бүгінде прокурорлар инвестор құқығын бұзатын 700-ден аса фактіге тосқауыл қойды. Мұның бәрі бизнестің құқығы мен заңды мүддесін қорғауға зор ықпал етті, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Үкіметке қосымша күн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды.

— Кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды әзірлеу керек. Қосымша күн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізім келеді. Қалай десек те, қосымша күн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс. Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтсам, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс. Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтсам, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің қаржылық тұрақтылығын жетекші рейтинг агенттіктерінің болжамдары растап отырғанына назар аударды.

— Кейбір «сарапшылар» айтып жүргендей, ел экономикасының жағдайы соншалықты мүшкіл деген пікірмен келіспеймін. Салымыз суға кететіндей күйде емеспіз. Бірақ босаңсуға да болмайды. Иә, экономикада 4,8 пайыздық өсім бар. Үкімет отырысында мұның Қазақстан үшін жеткіліксіз екенін айттым. Үкімет дамудың жаңа даңғылын іздеуі керек. Бұл ретте бизнес қоғамдастықтың рөлі үлкен. Халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттің қарыз деңгейін «аса жоғары емес», яғни басқаруға икемді деп бағалап отыр. Қарызды басқару саясаты бекітілген қаржылық шектеулерді қатаң сақтау арқылы жүргізіледі. Кіріс деңгейін арттыру есебінен бюджет тапшылығын азайту көзделген. Бұл мемлекеттің борышын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұзақмерзімді экономикалық өсімді қамтамасыз етеді, — деді Президент.

«ЖЖ» ақпарат

## Брифинг

Быттыр ауданның экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасқан. Тарқатып айтсақ, өнеркәсіп өнімінің көлемі 108,8, өңдеу өнеркәсібі 114,9, инвестициялар тарту 117,5 пайызға орындалған. Быттыр ауданға тартылған инвестиция көлемі 21,4 млрд теңгені құрады. Мұнан бөлек бөлшек сауда 101,5 пайызға орындалса, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 104,7 пайызға орындалды. Быттырдың өзінде Жалағаш ауданында 32,9 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудан әкімі Ардақ Ибраимов осылай деді.



## Жалағашта жарқын жобалар жүзеге асуда

— Өткен жыл тәуелсіз мемлекетіміз бен Сыр өлі үшін, оның ішінде ауданымыз үшін де берекелі, ырысы мол жағымды жағдайларға толы болды. Ауданымыз агроөнеркәсіп кешінің дамуында ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін «Үздік аудан» номинациясын иеленді. Ауданның 85 жылдық және «Жалағаш жаршысы» газетінің 90 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өттік. ҚР Президенті, Үкімет және аймақ басшысының қолдауымен ауданда ауқымды жобалар жүзеге асырылып, тіркеті салаларда серпінді қадам жасалды. Республика, облыс көлемінде болып жатқан өзгерістермен бірге ауданымызда да бірқатар нәтижелі жұмыстар атқарылды. Атқарылған жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталып, аудан экономикасында тұрақты өсім қалыптасты. Жалағаш ауданы барлық бағыт бойынша өсу динамикасын жағастырып, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда негізгі әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларына қол жеткізілді, — деді Ардақ Әбдіғалпарұлы.

### 44 жоба ел игілігіне берілген

Спикер быттыр бекітілген аудан бюджеті 10,2 млрд теңге көлемінде қалыптасқанын айтады. Жыл көлемінде 12,2 млрд теңгеге нақтыланып, 99,7

пайызға атқарылған. Өз кірістерімізге келсек, 2,1 млрд теңгені құрап, 100,3 пайызға орындалған.

Өткен жылы ауданда 8 млрд теңгені құрайтын 44 жоба жүзеге асырылып, ел игілігіне берілген болатын. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 2 млрд 634 млн, ел қазынасынан 119,4 облыстық бюджеттен 3 млрд 60 млн «Қазақстан халқына» қорынан 175 млн теңге қаралған.

### Салада серпін бар

Быттыр Жалағаш ауданында шағын және орта кәсіпкерлікті ширатуда нәтижелі жобалар жүзеге асқан. Ардақ Әбдіғалпарұлы саланы дамыту арқылы бірқатар мәселенің шешімін табуға болатынын айтады. Мәселен, кәсіпкерлік нысандар көбейсе, бірінші кезекте елді мекендерде жұмыссыздық мәселесін тусуға жол ашылады. Сондай-ақ өз кірістерімізді еселеуде де бұл саланы дамыту аса маңызға ие. Мұнан бөлек кәсіпкерлік саласының қаржын алуы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға айтарлықтай қолғабыс болып отыр. Сондықтан аудан әкімі Жалағашта аталған саланы дамытуға алдағы уақытта да басымдық берілетінін жасырмашы.

Қазірдің өзінде ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 972-ге жеткен. Оның бүгінгі таңда 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Быттыр қаржы институттары арқылы кәсіпкерлер ұсынаған 325 жоба жалпы құны 5 млрд 132 млн теңге қаржылай қолдау тапқан.

Нәтижесінде 176 жаңа жұмыс орны ашылған.

2023 жылдан бастап ауданда «Ауыл Аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары қарқынды жүзеге асуда. «Байқоңыр ӘКК» ҰК» АҚ арқылы аталған жоба аясында түрлі бағыттағы 268,4 млн теңгені құрайтын 48 жоба «Ауыл Аманаты» цифрлық платформасына енгізілген. Бұдан бөлек быттыр жыл соңында 43 млн теңгені құрайтын 10 жоба комиссияда мақұлданып, биыл барлығы қаржылай қолдау тапты.

Ауданда өңдеу саласын дамыту мақсатында жеке кәсіпкер Халық Серіктің жеке қаражаты есебінен жалпы құны 300 млн теңгені құрайтын «AKNIET» құрылыс қоспаларын шығару цехы іске қосылды. Цех бүгінде құрылысқа қажетті 6 түрлі өнім шығаруда. Қазіргі таңда кәсіпорында 6 адам жұмыспен қамтылған.

Мұнан бөлек «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 млн теңгеге «Өндірістік база» цехының құрылысы жүргізілуде. Кәсіпорын жұмыс жұмысын бастайды. Цех мақсатынан май, жүгеріден ұн және күріштен лапша өнімдерін шығарады. Серіктестік цехы іске қосылса, 22 адам жұмыспен қамтылады.

Быттыр кәсіпкерлердің бастамасымен құны 600 млн теңгені құрайтын 3 сауда орталығы ашылды. Олардың қатарында жеке кәсіпкер Е.Каиповтың жалпы құны 200 млн теңгені құрайтын «Ботакан» балалар ойын-сауық және сауда орталығы, Ф.Исахановтың жалпы құны 250 млн теңгені құрайтын 140 орындық «Жас

қыран» бөбекжай балабақшасы мен Б.Ахметованың құны 150 млн теңгені құрайтын «Далида 2» сауда орталығы бар.

### 119 мың 790 тонна астық жиналған

Ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары — өңір экономикасының негізгі саласының бірі. Әсіресе Жалағаш аграрлық аудан болғандықтан бұл саланы дамыту да ерекше маңызға ие. Ардақ Әбдіғалпарұлы бүгінде жергілікті шаруашылықтар әр саланы табыспен қорытындылап отырғанын айтады. Сондай-ақ ауданда егінді ертарлапандыру бойынша нақты жобалар жүзеге асуда.

Быттыр 36 952 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде 19 800 гектарға Сырдың басты дақылсыз өнім жиды. Осылайша қамбама 119 мың 790 тонна астық жиналған.

— Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес суды аз қажет ететін дақылдарды көбейтуге басымдылық берілді. Осы бағытта быттыр егіс алқабы 597 гектарға көбейтілді. Осы жетістіктердің нәтижесінде ауданда бірқатар шаруашылық пен қызметкерлер озат атанып, арнайы жүлделермен марапатталды. Аудан шаруашылықтары техника паркін жанарту жұмыстарын да үнемі жүргізіп келеді. Өткен жылы 1 млрд 886 млн теңгеге 27 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды, — дейді спикер.

Жалағасы 4-ші бетте

## Бағдарлама игілігі

### Рашидтың шаштаразы

Мемлекет тарапынан берілетін қолдауды тиімді пайдаланып, бүгінде аядай ғана ауылда кәсіпкерлікке бет бұрғандар аз емес. Сөзімізге кәсібин ашқанына көп болмаса да, тұрақты тұтынушылар жинап үлгерген Рашид Оразбай дәлел. Кейіпкеріміз — Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны. Әріптестерімен елді мекендерге жасаған сапарымызда Рашидтің үйінің ауласынан ашқан шағын кәсібін табан тіреп, тыныс-тіршілігімен таныстық. Шағын ғана шаштараздың іші ұядай жинақы, жанға жылу беріп тұр.

Барсақ, кейіпкеріміз Рашид Оразбай кезекті тұрақты тұтынушысын қабылдап жатыр екен. Бұған дейін шаштараздың жұмысын оңай кәсіп деп ойлайтынмын. Шын мәнінде әр адамның келбетіне сай етіп шаш үлгісін қиып беру үшін де үлкен өнер мен қарым-қабілет керек екенін бүгінгі сапарда түсіндім. Сонымен қатар бұл мамандық асқан шыдамдылықты да қажет етеді екен, себебі шаштараз күні бойы тік тұрып жұмыс істейді.

Кейіпкеріміз кәсібінің ең алғашқы қадамын үйінде туған-туыс, достарының шағын кионодан бастаған Оның жасаған жұмысына көңілі толып, той-томалаққа барар кезде үйіне іздеп келетін тұтынушылар қатары артқан соң қолынан келетін істі кәсібіне айналдыруды жөн көріп, шағын кәсібінің негізін қалауына ауылдағы ағайынның сұранысы сеп болған. Быттыр «Бизнес Бастау» бағдарламасы арқылы қайтарымызсыз грантқа құжат тапсырып, көсібі 1 млн 470 мың теңге қаржылай қолдау тапқан. Кейіпкеріміздің ақшаны қолына алған бойда өзге мақсатқа жұмсамай, түгелімен кәсібіне салып, қажетті құрал-жабдықтарын сатып алғаны көрініп тұр. Шағын ғимаратта отырса да тұтынушыларының талғамынан шығып отырған ол алдағы уақытта кәсібінің

көкжиегін кеңейтуді де көздеп отыр.

— Ешқандай оқу оқығаным жоқ. Алғашқыда мектепке баратын кішкентай балалардың шашын алып бастадым. Кейін үлкен ер адамдар да тұрақты келіп тұратын болды. Жалпы бұл кәсіп түрімен айналысқаным 10 жылдан асты. Тек ауылмен ғана шектелмей, Еңбек, Таң, Мәдениет, Мырзабай ауылдарынан да кәсібіме сұраныс жоғары, арнайылап іздеп келетін тұрақты тұтынушыларым бар, — дейді Рашид Оразбайұлы.

Иә, ауылдан шаштараздың ашылғаны тұрғындарды қуантпай қоймасы анық. Бұл кәсіп ауыл тұрғындары үшін де, көршілес ағайындар үшін де тиімді. Халық арасындағы қолжетімділік артып отыр. Олар бүгінде аудан орталығына сабылмай, ауылда қолжетімді бағада шағын кәсіптің игілігін көріп отыр. Кәсіпкердің алға қойған жоспары да жоқ емес. Ең үлкен арманы — осы кәсібінің тынысын кеңейту. Одан бөлек өзі секілді ауылдағы жастарды тұрақты жұмыспен қамту.

— Мен осы ауылдың азаматымын. Шыны керек, шашымыз тез есетіндіктен Рашидке жиі келеміз. Бұл кәсіп өсіресе мектеп жасындағы балаларға тиімді болды. Бұрын ауыл балалары жей ғана шаш қидыру үшін аудан орталығына



барып, бірнеше сағат кезекте тұратын. Ал қазір ауылда Рашидтің қолы босағанда келіп, шаштарын қидырады, — дейді ауыл тұрғыны Дастан Ергалиев.

Ауыл әкімінің міндетін уақытша атқарушы Сейіпбек Оспановқұловтың айтуынша, алдағы уақытта ауыл ішінен көпкейінді орталық ашылмақ. Біз мақаламызға арқау еткен шаштараз Рашид Оразбайдың кәсібі мен 2 сүт өнімдерін өндіруді қолға алған және қондиртерлік өнімдер пісіретін кәсіпкер ауыл халқына қызмет етпек.

деген жандарға қашан да қолдау бар. Табыс тақазаныңызды тасыту үшін алға қойған мақсатыңыз бен ынтаныз болса жеткілікті, ауылда тұруыңыз еш кедергі емес. Өз ісіңіздің шебері болсаңыз, тұтынушылар жағына да алаңдамасыңыз болады. Себебі бүгінгі кейіпкеріміздің жасаған жұмысына тәнті болатын көршілес ауылдағы халық өзгеше емес, тек Рашид ағайын қолы босағанын күтіп, жолдың алыстығына қарамай, ауылға қарай атбасын бұрады.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



# 2 ТАНЫМ

## Жауапкершілік өмірлік ұстанымына айналған тұлға

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың 28 қаңтарында Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде: «...Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұралап қалудан сақтап, орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауы керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс», – деді. Президенттің айтуынша, бұл – жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибе мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінетінін дәлелдеп отыр.

Мұндай жағдайда мемлекет және қоғам қайраткері, «кризис-менеджер, жерлесіміз Бердібек Сапарбаевтың ерекше үлесін атап өтпеске болмайды. Қайраткер тірі болғанда осы күндері 72 жасқа толатын еді.

Кейінгі екі-үш жылда Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың «кризис-менеджер» ретіндегі қажырлы еңбегі туралы баспасөз беттерінде бірнеше мақала жариялады. Оны қайталамау үшін 2024 жылдың 16 ақпанында Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған «Бердібек Сапарбаев тұлғасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда сөз алғандардың бір-қатарының пікір желісін оқырманға ұсынуды жөн көрдім.

Сол конференцияның ашылуында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова алқалы жынға Бердібек Машбекұлымен бірге ұзақ жыл қызмет жасаған Президент әкімшілігінің, Парламенттің, Үкімет мүшелері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлері және осы саланың ардагерлері, Кеңен комитетінде бірге қызмет атқарған азаматтар, бір кезде өзі басқарған Қызылордада, Оңтүстік өңірде Түркістан облысы мен Шымкент қаласына, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарына, Ақтөбе және Жамбыл облыстарынан келген әріптестері, сондай-ақ қайраткер тұлғаның қамқорлығын көрген азаматтар қатысып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ кездесуе Бердібек Машбекұлының егемен еліміздің қалыптасуына, өнерге, ғылымға жасаған риясыз қызметін құрметтейтін ғалымдар, мәдениет өкілдері, мемлекет қайраткерлері және жастар келді.

Бірінші кезекте ол «кризис-менеджер» болды. Бұл – бәріне белгілі факт. Ел басшылығы Бердібек Машбекұлына ең қиын нысандарды сөніп тапсырды, өйткені ол әрқашан әлеуметтік жағдай туралы жақсы біліп, кез келген істі қисынды қорытындыға жеткізді. Қай жерде жұмыс істесе де, қандай қызмет атқарса да, әрқашан азаматтардың мүдделеріне, әлеуметтік әл-ауқатына және халықтың денсаулығына мұқият назар аударды.

Қажырлы еңбегінің арқасында қазақстандықтардың шынайы құрметіне ие болды.

Бердібек Сапарбаев мемлекеттік қызметшілердің кадрлық резервін дайындауға көп көңіл бөлді. Ұстаз ретінде өз елінің патриоттарының тұтас бір тобын тәрбиеледі. Олардың арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері көп, – деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

### Жас мемлекеттік қызметшілерге үлгі

Конференцияда ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов Б.Сапарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына қосқан баға жетпес үлесін атап өтті.

– Бүгін біз аса гираттың, өнегелі жынғаға қатысып отырмыз. «Еліңе қадірлі болсаң, елеусіз қалмайсың» деген халық сөзі бар. Сондықтан бұл жынғада Бердібек Машбекұлындай мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен дамуына жан аямай қызмет еткен, өлеусіз үлес қосқан азаматқа, тұлғаға арнап отырмыз. Бұл жын туған елін сүйген, туған елі сүйген тұлғаға деген ерекше құрметтің белгісі деп санаймын, – деді Ерлан Жаханұлы.

Сондай-ақ Мәжіліс төрағасы осы конференцияға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдаған арнайы құттықтауын оқып берді.

«Бердібек Машбекұлы – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына және дамуына өлеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол ер жылдары жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Бірқатар өңірлерге және мемлекеттік органдарға жетекшілік етіп, парасатты, іскер әрі білікті басшы ретінде танылды. Халықтың ерекше сый-құрметіне бөленді. Ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың есімін ұлықтау арқылы ескелең ұрпақты отанышылдық рухта

тәрбиелейміз. Қайраткер тұлғаның адами қасиеттері, кәсіби біліктілігі мен адал қызметі жас мемлекеттік қызметшілерге әрдайым үлгі-өнеге», – делінген хатта.

– Тал бесіктен жер бесікке дейін халқына, ұлтына риясыз қызмет ету, қызмет ете жүріп тұтас елдің шынайы алғысын алып, құрметіне бөлену екінің бірінің тағдыр талына бұйыра бермейтін бақыт, – деп толықтырды Ерлан Қошанов. – Мұндай тұлғалардың есімі мемлекеттің, ұлттың тарихында алтын әріптермен жазылып қалады. Ол кісінің мәнді де мағыналы ғұмыры бейнелеп айтқанда «аттың жалында, түйенің қомында» өтті. Еліміздегі ең қиын салаларға жетекшілік жасады. Бес бірдей облысқа әкім болған Қазақстандағы жалғыз тұлға және сол өңірлердің мәселесі күйіп, шаруасы шатқаяқтап тұрған кезде Бердібек Машбекұлы басшылық жасады. Қазір осы 5 облыс дербес 7 облысқа айналды.

Осы арада өзім куә болған жайтқа тоқталып өткім келеді. Қателеспесем, осыдан 10-15 жыл бұрын Бердібек Машбекұлымен бір делегация құрамында Алматыға іс-сапармен бардық. Сол кезде екеуіміз бір келікте келе жаттық. Бір уақытта Бекен «мына жерге бұрыла кетейік» деп келікті бұрғызып, бір кішкентай дүңгіршектің жанына барып тоқтадық. Барсақ, дүңгіршектің жанында бір қария мен кемпірі тұр екен. Бердібек Машбекұлы олармен біраз әңгімелескеннен кейін әрі қарай кеттік. Сосын мен туысымен амандасқан болар деп «бұл туысыңыз ба?» деп сұрадым. Сөйтсек жаңағы ақсақал Астанаға келу үшін жеке шаруасымен Бердібек Машбекұлына сұранып жүр екен. «Мен ол кісі Астанаға әуре болып келмей, ақыры келгеннен кейін жолдан бұрылып, жарты сағат уақытымды бөлім» деп әдейі кездескенін айтты. Сол кезде шыны керек таңғалдым. Бұл өмірлік тағылым болды деп айта аламын.

Бекеннің кісілігі мен кішілігі осында.

### Мемлекеттік деңгейдегі тұлға

Конференцияда ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов қайраткер тұлғаның өмірлік тәжірибесі мен табанды еңбегіне тоқталды.

– Бізді тағдыр тоғыстырған бір оқиға бар, – деді Ж.Асанов. – 2016 жылы жерге қатысты митингі өтіп, бүкіл республика шулап жатты. Көп ұзамай қырықтан астам діни радикал Ақтөбеде теракт жасады. Қару-жарақ дүкендерін басып алып, өскері бөлімге оқ атты. Біраз адамның өмірі қиылды, денсаулықтарына зиян келді. Бір сөзбен айтқанда, жер митингтері мен діни радикализм өршіп тұрған кез.

Сол кезде біз Бас прокуратура болып, Президентке ұсыныс жасадық. Терактілер халық арасында үрей туғызды. Билікке сенімсіздік бар. Өңірлерге барып жұртпен тікелей жұмыс істесек, мемлекеттің қамқорлығын көрсетсек, ол үшін пилот ретінде бір облысты алып, сонда елге қолдау көрсетудің үлгі-моделін жасасак дедік.

Әрине, көп нәрсе сол барған өңірдің басшысына байланысты. Әкімі қолдап, белсенді болмаса нәтижеге жету мүмкін болмас еді. Сонда Бекенмен тез тіл табыстық. Өзінің Ақтөбеге келгеніне де көп болмаған екен. «Уайымдама, топты бізге әкел, бәрін жасаймын» деп сендірді. Сол 2016 жылы бүкіл республикадан 230 маманды жинап Ақтөбеге келдік. Мемлекеттік қызметшілермен қатар, топқа дәрігерлер, теологтар, психологтар, имамдар енді. Бекен алты жүздеп адам жинап, мақсатымызды айтты. Облыстық активке сескенудің қажеті жоқ. Әріптестер орталықтан бізді тексеруге, бағалауға, сынауға келген жоқ. Кабинеттен жерге түсіп, бізбен бірге нақты проблемаларды шешу үшін, өршіп тұрған діни радикализмді ауыздықтау үшін келді деп түсіндірді. Мұндай шара елде алғаш рет жасалып жатқан. Бердібек Машбекұлы жұмысты әдемі үйлестіріп, республикадан келген 230 адамды өңір жағдайын жөндеп алуға ұтымды пайдаланды. Облыста 830 мұндай адам болса, әрбір алтыншы



ақтөбелікке жеттік. Ол – мүгедектер, жастар, көпбалалы, жағдайы төмен отбасылар, сотталғандар, діннен адасқандар.

Осындай үйлесімді жұмыстың арқасында Ақтөбеде бай тәжірибе жиналды. Әдістемелік құрал жасалды. Осы жұмыстың басында Бекеннің жанында жүрдім. Жұмыс таңғы 7-де басталатын. Күні бойы кездесулер, жиналыстар дегендей.

Жобаның соңғы екі күнінде Бекенмен болдым. Байқағаным, бір ай бұрын басталған жұмыстың қарқыны тоқтамаған екен. Астанадан келген барлық құрылымдар өз қызметтерін белсенді жүргізіп жатты. Кейін Президентке баяндадық. Үкіметке осы жұмысты басқа облыстарда жүргізу тапсырылды.

...Бердібек Машбекұлының осындай ерекшелігінің түп негізінде ауыл-де өсіп, қара жердің демін сезінген, дала еңбегімен шынығып өскен өмір жолы жатқаны анық.

### Жаңа буын үлгі етер қасиет

– Біз екеуіміз бір топырақта туып, бір кезеңде өмір сүрдік. Екеуіміз де хал-қадірімізше елімізге қызмет еттік. Қызмет жолында әріптес, өмір жолында сырлас болдық. Ел оң-солын танып үлгермей жатқан елең-алаң тұста біз бірге жұмыс істедік. Көп ағаларымыз аттарың да ұқсас, сендер осы егіз қозыдайсыңдар деп әзілі аралас тілеулес пейілін білдіріп жататың, – деді конференциядағы сөзінде мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев.

Қырымбек Елеуұлы сондай-ақ Бердібек Машбекұлының 1990 жылдардағы тоқырауда Қызылорда облысын жойыпудан сақтап қалғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейтінін айтты.

– Сол тұста Қызылорданың салықтық базасы нашар, экономикасы, әсіресе өндірісі дамымаған деген жөлеумен облысты жабу туралы Үкіметте Президентке ұсыныс дайындау жатқан болатын. Қазіргідей стратегиялық әрі рухани маңызға ие аймақтың жабылып қалуы кімді болса да қынжылтпайды ғой. Дәл сондай сындарлы сәтте Бердібек білсе сыбана кірісіп, Қызылорданы басқа аймақтардан кем емес екенін, салықтық база, экономикалық перспективасы бар тиімді аймақ екенін Үкімет алдында дәлелдеп, өзінің жоғары кәсіби деңгейін көрсете отырып аймақты сақтап қалды. Бұл Бердібек Машбекұлының туған жері ғана емес, тұтас Отанының алдындағы бір үлкен перзенттік, қайраткерлік қызметі деп бағалаған жөн. Еркін экономикалық аймақ, басқа да шаралар соның аясында атқарылған істің бір көрінісі.

Сапарбаев сонымен қатар алаштың ғана емес, адамзаттың ортақ мәселесіне айналған Арал тағдырын да дер кезінде көтеріп, Президентке ұтымды ұсыныс жасап, мәселені шешудің оңтайлы жолын қарастырды. Арал мәселесі көп елдің назарын аударып, қолдауына ие болды. Дүниежүзілік банк пен Қазақстан республикасының өзара келісімі бойынша Кіші Арал жобасы жасалды. Соның іске асуына Бердібек тікелей мұрындық болды. Бұл ел тарихындағы ерөн еңбек екені даусыз, – деді Қ.Көшербаев.

Қырымбек Елеуұлы атап өткендей, Бердібек Машбекұлы қай өңірге барса да сол жердің әл-ауқаты мен қордалаған түйінді мәселелерін

шешуге, үзілген үміттерін жалғауға барды. Ол Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарына әкім болған кезеңде аянбай еңбек етіп, соның бәріне де абыроймен барып, абыроймен кетті. Жетекшілік еткен әр аймақта халқы оны қимастықпен шығарып салып отырды. Бұл – Бердібек Машбекұлының антына адал сертіне сенімді болғанының белгісі.

### Мұқтаждарға қамқорлық

«Ақтөбе қалалық сал ауруына шалдыққан адамдарды қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Құралай Байменова аймақтағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани процестерді бақылаудағы облыс әкімінің рөліне тоқталды.

– Бердібек Машбекұлы өмірден өткенде тұтас бір дәуір көшкендей болды. Көкейде «Бізде ұрпақтар сабақтастығы бар ма, әкімдер институтын қандай өзгерістер күтіп тұр?» деген сауал тұрды.

2015-2019 жылдары Ақтөбе қаласы мен аудандардың мәдениет, бизнес, құрылыс салаларында, қоғамдық өмірінде көптеген өзгеріс орнады. Бердібек Машбекұлы 2015 жылдың қараша айында жұмысқа кіріскен бойда қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесті. Онда сенімге негізделген мәнді әңгіме айтылды.

Өңірдегі қоғамдық ұйымдардың ахуалы туралы 100-ден астам адам өз ойларын қолдауға арналған қайырымдылық акцияларын көп ұйымдастырып, Мүгедектерді бар белсенділердің барлығын танытып, олар ұйымдастырған іс-шаралардан қалмайтын.

2017 жылы Ақтөбеде су тасқыны болып, жүздеген құрылысты шайып, бұзып кетті. Табиғат апаты кезінде облыс әкімі зардап шеккен жұртшылықтың ортасында жүрді, адамдарды сабыра шақырды. Айналасы аз уақытта бұзылған үйлер қалпына келтірілді. Әдеттегідей, бұл шаруаны да үйлестірген Бердібек Машбекұлы еді.

Бердібек Сапарбаевтың өмір, еңбек жолы посткеңестік кезең мен Тәуелсіз Қазақстанның тарихында өз орнын алатыны сөзсіз, – деді ол.

### Құбылыс

– Әркімнің көңілі құлайтын адамдары болады. Санамызда із қалдырған екеу болса, соның бірі – Бердібек Машбекұлы. Бекен жарықтық шешеннің тілі құрмеліп, ердің қолы қалтырайтын ақиқаттың кезіне тура қарай алатын тұлғалардың бірі еді. Бойындағы өнерің қабілетін кәсіп деп емес, қасиет деп қарайтындардың сойынан еді, – деп келтірді сөзін халық әртісі Досхан Жолжақсынов. – Жалпы кез келген тұлға туралы, оның ішінде биліктері туралы айтқанда, – дейді Әбіш Кекілбаев ағамыз, – алдымен оның табиғи бітім-болмысына ерекше назар аудару керек. Бекеннің

биік талғамы мен терең толғағы жан-жүрегіңде тебіреніп, толғанып көрініс тауып жатушы еді.

...Сіңірсем деймін жеріме, Маңдайдың терін ағызып. Жасасам деймін өліме, Жанымың отын тамызық, – дейді ақын Сырбай Мәуленов атам. Шіркін-ай, қандай сөздер. Биліктің маңдайшасына шегелеп-ақ қоятындай. Тура Бекенге, Бекендерге арналғандай.

Бекен жарықтық халқымыздың рухани өлеуетін қоғам алдында айқара ашуға мүмкіндік беретін тұлғаларымыздың бірі еді. Бір бойында мемлекеттік қайраткерліктің, саясаттанушының, мәдениеттанушының, әлеуметтанушының барлығының дарыны әдемі тоғысқан. Соның бәрін далалық данышпандықтың қайнарына суарған Бекен бүгін ойлап қарасаң шын мәнінде құбылыс екеніне ешкім дәу тұғыза қоймас.

«Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздеу мақсат» дейді Әлихан Бекейханов. Қарапайым да парасаттылықтың кеусар бұлағындай Бекеннің халқына сіңірген, халқының рухына сіңірген еңбегінің бағдаршамындай. Жалпы Бекеннің дара ақылы, мемлекетіміздің, еліміздің өтпелі кезеңінде айқара ашылып, шыңдала түскендей.

### Өмірді құтқару үшін

ҚР Президентінің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсулу Закарья пандемия кезінде Б.Сапарбаевтың жан-жақты қолдауына сүйеніп отырып, Қазақстан қоронавирусқа қарсы вакцинаны өзімізде алтыншы болып шығара алғанын өз сөзінде келтірді.

«Менің өмірімдегі ерекше маңызды сәт – пандемия кезінде Бердібек Машбекұлымен кездесу, қазақстандық вакцинаны жасау мәселесі өткір тұрған уақыт еді. Мен ол кезде Жамбыл облысындағы биологиялық қауіпсіздік ФЗИ басқарамын, біз вакцина әзірлеу бойынша жұмысты бастадық. Білік пен мамандар арасындағы пікір қайшылығына қарамастан, Бердібек Машбекұлы табандылық танытып, бізге барлық қажетті қолдауды ұсынды. Сол қиын кезеңде вакцина жасау және зауыт құрылысын жеделдетуде көп көмегі тиді. Облыс әкімі төтенше жағдайды ескере отырып, жауапкершілікті толықтай өзіне алды. Республикадан қаражат бөлуді күтпей, зауыт құрылысын бастау жөнінде құрылыс басқармасының басшыларына нақты тапсырма қойды. Осылайша 2020 жылдың 12 маусымында зауыттың іргетасы қаланды. 2021 жылы 21 маусымда QazVac вакцинасының алғашқы партиясы шығарылып, Қазақстанның көптеген тұрғындарының өмірін сақтап қалды».

### Көреген басшы

Конференцияда Шерхан Мұртаза атындағы Тараз халықаралық инновация институтының вице-президенті (қазір ректоры), педагогика ғылымдарының докторы, профессор Махметғали Сарыбеков Бердібек Машбекұлының Жамбыл облысын басқарған жылдардағы жұмыс тәсілдері туралы айтты.

– Оның экономист ретіндегі практикалық ақыл-ойы өте жоғары болатын. Жұмыстың жүйелі әрі кешенді болғанын қалайтын. Алдына стратегиялық мақсат қойып, соны

орындауға қызметкерлерді жұмылдыра алатын.

Ол өзіне дейін қызмет істеген әріптестерін құрметтейтін, сіңірген еңбегін, жеткен жетістіктерін жиналыстарда айтып отыратын. Бұл арқылы әріптестіктің, сабақтастықтың маңызы айқындалатын.

Тағы бір қасиеті, адамдардың қабілет-қарымын, мүмкіндігін дәл бағалайтын және оларға сенім артып, міндет жүктейтін.

Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Асарлағып үй салу», «Жомарт түлек», «Тараза тарту» сияқты әлеуметтік жобалар халықтың өмір сапасын арттыруға ықпал етті. Әсіресе «Асарлағып үй салу» туралы атап айтсақ, жоба шеңберінде 350 аз қамтылған отбасы баспаналы болды. Ол үнемі халықтың арасынан табылды, бұл қасиеті Қордайдағы оқиға, корона-вирус пандемиясы, Байзақ ауданындағы жарылыс және қаңтар оқиғасы кезінде анық көрінді. Сол себепті оны халық арасында «кризис-менеджер» атап кетті, – деді профессор.

### Тың өзгерістердің бастамашысы

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Еркем Көшербаев Бердібек Сапарбаевтың жетекшілігімен жұмыс жасағанын, Шығыстағы, Абай еліңдегі жұртшылықтың оған деген ерекше ықылас-пейлі туралы айтты.

– Ол қазір тәрбиелеуде бізді қарапайымдылыққа, әдептілікке, адамгершілікке үйретті. Бердібек Машбекұлының өнегесі мен тәлімін өз тәжірибемде қолданып келемін.

Оны халық «кризис-менеджер» деп бекірте атаған жоқ, Қызылордада экономикалық жағдай күрделенген тұста инвестор тартып, айналғым бауауер еңгізді. Оңтүстік Қазақстанда энергетикалық қоллапастан алып шығып, салық және зейнетақы төлеуді жүйеледі. Ақтөбе мен Шығыста төтенше жағдайдан кейінгі және әлеуметтік мәселелерді шешті. Мәселен, Тарбағатай ауданының Көкжыра және Жантекей елді мекендерін су алғанда, Артем кенішінде шахтерлар талап қойғанда Бердібек Машбекұлы дағдарыстан шығу жолын бірден тапты.

Ол қызметке кіріскен бойда барлық ауданды аралап шықты, көптеген іске бастамашы болды. Мектептер, әлеуметтік, мәдениет, спорт нысандарын салды. Басының атқарған жұмыстарының нәтижесін бүгінде әр ауылдан көруге болады. Өңірдің тау-кен саласына инвестиция тартып, өркендеуін қамтамасыз етті. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ірі өндірістік компаниялар халықтың қажеттіліктеріне көңіл аудар бастады. Ол шағын және орта бизнесті дамытуға жол ашты. Патриотизм мен ұлттық бірегейлікке баса мән беріп, Өскемен қаласының орталығына мемлекеттік рәміздер мен Абай ескерткішін орнатты, – деді Е.Көшербаев.

Р.С. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы «Әкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырды. Осы «мектептерде» мемлекет қайраткері Бердібек Сапарбаевтың жұмыс тәжірибесіне арналған сабақтар өткізу орынды болар еді.

Кеңес МАХАМБЕТОВ, еңбек ардагері Астана қаласы



Көктем – 2025

# Дайындық барысы пысықталды

Бейсенбіде ауданда «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті. Онда 2025 жылғы су тасқыны кезеңі жағдайларындағы төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдарының қуш-құралдарының дайындық барысы пысықталды.

Кенттегі орталық стадион жағында ұйымдастырылған оқу-жаттығу жұмыстарына Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті, кадр және тәрбие жұмысы басқармасының бастығы Айдос Ермағамбет, аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов қатысып, ауданның азаматтық қорғау қызметтеріне, тө-

тенше жағдай қызметі күштеріне саптық қарау жұмысын жүргізді.

Оқу-жаттығу барысында Ақсу ауылдық округі жанындағы Сырдария өзенінің «Ақшығанақ» қауіпті учаскесінде практикалық оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ ин-женерлік, өртке қарсы қызметтері мен барлау тобының құрамалары қорғаныс бөгетті нығайту үшін құмды қапқа салып, бөгеге жұмыстарын жүргізді.

Мұнан бөлек Ақсу ауылындағы №116 орта мектептің №2 эвакуациялық жинақтау пункті мен кент орталығында орналасқан №31 мектеп-гимназиясындағы №1 эвакуациялық қабылдау пункті мен инертті материалдар қоры қаралып, тексерілді. Оқу-жаттығуға 61 техника, 244 адам жұмылдырылды.

«ЖЖ» ақпарат



# Қауіпсіздік қаперден шықпасын

Көбінесе газбен улану пеш пен жылытудың ақаулы жұмысының салдарынан немесе адам өрт ошағанда болған кезде пайда болады. Сондай-ақ газбен улану қозғалтқышы бар автомобиль орналасқан жабық бөлмеде болған кезде пайда болуы мүмкін. Осылайша улы газ жану процесі бар жерде пайда болады, адамның улануына бірнеше тыныс алу жеткілікті.

Газдан уланудың қалай алдын алуға болады?

Текжарамды жабықты пайдаланыңыз. Пеш қалауындағы жарықтар, бітелген мұржа және сол сияқты «ұсақ-түйектер» ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Жақсы желдету туралы қамқорлық жасаңыз. Егер сіз жылыту үшін газ плитасын қолдансаңыз, қонақ бөлмесінде орналасқан желдету жүйесінің жақсы күйін қамтамасыз етіңіз. Пеш жапқышының көмір жаңағанда жаппаңыз.

Әуескөй автомобильшілер гаражда немесе басқа жабық бөлмеде автомобильді қосылу қозғалтқышпен жұмыс істемей керек екенін есте сақтауы керек.

Адамға уақытында көмек көрсету үшін сіз осындай уланудың негізгі белгілерін білуіңіз керек. Бұл бас ауруы, бұлшықет әлсіздігі, бас айналуы, құлақтың шулауы, жүрек айнуы, ұйқышылдық. Уланудың ауыр дәрежесінде адам есін жоғалтуы мүмкін, терісі бозарып, құрысулар пайда болады. Мұның бәрі жүрек ұстамасынан және тыныс алуы тоқтатылудан өлімге әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда зардап шеккен адамға дәрігерге дейінгі саутты көмек көрсету өте маңызды.

Улы газбен улану кезіндегі алғашқы көмек тез әрі білікті болуы тиіс. Жеңіл улану жағдайларында зардап шегушіні таза ауаға көшіру, бас миына оттегінің түсуін қамтамасыз ету, мүсәтір спиртін иіскеуге беріп (булар тыныс алу рефлексын ынталандырады), зардап шегушіге қою шай немесе кофе ішкізу керек.

Жүрек айнуымен, құсумен бірге қатты улану кезінде зардап шегушіні таза ауаға шығару керек. Егер бұл мүмкін болмаса, зардап шегушіге оқшаулағыш газ қағарды немесе «СО» сүзгі элементінің тиісті таңбасы бар сүзгі газ қағарын кию арқылы азаға улы газдың түсуін тоқтату қажет.

Әрі қарай сіз жағаны, белдікті шешіп, кеңейткіс ыңғайлы жағдай жасап, тыныштықты қамтамасыз етуіңіз керек. Егер зардап шегуші ес түссіз болса, оған «қауіпсіз жағдай» деп аталатын арқасын жоғары қаратып, оң жағына жатқызыңыз. Бұл жағдайда тыныс алу жолдарының өткізу қасиетін қамтамасыз ету қажет.

Мүмкіндігінше қыша қағарын салып, кеуде мен артқы бұлшықеттерді ысқылаңыз. Бұл қан айналымын, соның ішінде мидағы қан ағындығын жақсартады. Тыныс алуы тоқтаған кезде жасанды тыныс алу, яғни жүрек тоқтаған кезде жанама жүрек массажын жасау керек. Оларды қалай орындау керектігін білсеңіз, бұл манипуляциялардың мағынасы бар екенін есте ұстағаныңыз жөн, әйтпесе сіз қажетті көмек көрсетіп қана қоймай, қате жасаған әрекеттеріңізбен одан да көп зиян келтіріңіз мүмкін. Дереве және мүмкіндігінше тезірек жедел медициналық жәрдем бригадасын шақыру керек.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

# Басты мақсатым – туған жерді түлету

Ауылды дамыту жолында елге адал қызмет ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Мән Төлеуісіз Қазақстанның азаматы ретінде ауылмыздың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі жолында халық мүддесін бөрінен жоғары қоямын. Сіздердің қолдауларыңызбен алға қойған міндеттерді жүзеге асыру арқылы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Ауыл тұрғындарымен қашанда бірге болып, сенімді ақтау жолында аянбай еңбек ету үшін өз міндеттерімді тинақты орындаймын.

Иә, халыққа адал қызмет көрсету – менің азаматтық борышым. 2026 жылға дейін ауылдағы сапасы сын көтермейтін ішкі жолдарды жөндеуге атсалысып, жол сапасын жақсартатын. 2025-2026 жылдары ауылдағы көшелерді жарықтандыру мәселесін түбегейлі шешіп, 3 көшеге жарықтандыру жұмыстарын жүргізетін боламын. Сонымен қатар Ұлтымақ, Е.Бисенбаев көшелерінің жарықтандыру жұмыстары шешімін табады. Сондай-ақ 2027 жылға дейін ауыл тұрғындары толығымен табиғи газға қосылатын болады. Ауыл тұрғындарына көші уақытта демалатын демалыс орындар мен

ойын алаңдарын салуға, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтауға ықпал жасаймын.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде тұрғындарды оқытуға, несие және грант алуға жәрдемдесемін. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға жұмыс жасап, ауыл тұрғындарымен бірлесіп отырып, жылыжай кешендерін салуға жұмыс жасаймын.

Мұнан бөлек «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде өңірге жас әрі білікті мамандарды тарта отырып, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына ықпал жасаймын.

Жастарды қолдау да күн тәртібінен түспейді. Жастарды жан-жақты қолдау бағытындағы жобаларды қолдаймын. Жастарды кәсіпке баулу мақсатындағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде грант, төмен пайызда несие алып кәсіпін бастауға сүйемелдеймін.

Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастырамын. Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстауға, оның санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды да басты

назарда ұстауға жұмыс жасаймын. Атқарылатын жұмыстардың сапасы ұдайы бақылауымда болады.

Жалпы Еңбек ауылы – қай саланы дамытуға да қолайлы ауылдардың бірі де бірегейі. Тек бойда нақты мақсат, туған жерді түлету деген талап болса жеткілікті. Алдағы саяси нағұнда менің бақ сынауым да бекер емес. Бұл сайлауға үміткер ретінде алдыма нақты мақсат-міндеттер қойып отырмын.

Иә, ауылда егін және мал шаруашылығын дамытуда нақты жұмыстар бар. Енді кәсіпкерлік саласына серпін беруде нақты жобалар жүзеге асуы тиіс. Іс бастауға ниетті жерлестерімді жоғарыда айтқанымадай, мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп үшін жан-жақты сүйемелдеймін.

Жалпы біз бұл саланы дамытуда не ұтамыз? Ең алдымен осы сауалдың түйінін тарқатсақ...

Бірінші кезекте ауылда кәсіпкерлік қарқын алып, кәсіпорындар саны артса, өз кірісімізді еселеуге жол ашылады. Екінші кезекте ауылда жұмыссыздық мәселесінің белең алуына тұсау болады. Мұнан кейін халықтың тұрмыс сапасы өздігінен артаатыны айтпаса да түсінікті.

Жалпы бұл сайлау маған туған жерді



түлетуге берілген мүмкіндік деп білемін. Бұл бағыттағы мақсатым айқын бірақ оның жүзеге асуы үшін бірінші кезекте сайлаушылардың қолдауы, халықтың бірлігі қажет. Алдағы сайлауда сіздердің қолдауларыңызды күтемін!

**Бахитберген БАЛХАНОВ,**  
Еңбек ауылдық округі  
әкіміне үміткер  
Қаржысы облыстық  
бюджеттің қаражатынан төленді

# Ауылды көркейту – маңызды міндет

Ауылдың дамуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдардың инфрақұрылымын дамыту да күн тәртібінен түспейді. Осы бағытта Еңбек ауылдық округінде де бірқатар жобалар қолға алынуды тиіс. Ал оны жүзеге асыру үшін мен алдыма нақты мақсаттар қойып отырмын. Алдағы саяси нағұнда бақ сынауымда да басты себеп осы.

Соңғы екі-үш жылда аудандық қарасты елді мекендерде жүйелі жұмыстар атқарылып, жарқын жобалар жүзеге асуда. Мен алдағы саяси науқанға қатысу арқылы ауыл тұрғындарымен бірлесіп жұмыс жасай отырып, Еңбек ауылының өсіп-өркендеуіне үлес қоссам деймін.

Ең алдымен мемлекеттік саясатты жүйелі жүзеге асырып, Еңбек ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының талап-тілегіне көңіл бөліп, пікірмен санасып, өтінішін оң шешіміне жұмыс жасаймын. Сондай-ақ ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланы серпін алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығын дамуына жағдай жасауға ықпал ететін.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз

қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың мәселесінің шешімін табуына жұмыс жасаймын. Ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану үшін мәдени-қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына ықпал етіп, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартатын. Жастар төрбесін де назардан тыс қалдырмай, қоғамдық тәртіпті сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

Елді мекендегі учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесіп отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапкершіліктен қараймын. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде өңірге жас әрі білікті мамандарды тарта отырып, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына жұмыс жасаймын. «Ауыл аманаты» жобасының игілігін ауыл халқының бәсеңдеп пайдалануына ықпал жасаймын.

Кәсіпкерлік саласына серпін беру де ерекше маңызға ие. Елді мекенде жүргізіліп жатқан саяси, мәдени-әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттап, ауыл халқымен бірлесіп

отырып, өзекті мәселелерді шешу бағытында тиісті жұмыстарды өз деңгейде жүргізуді міндетім деп білемін. Ауылда ауызсуға, аяқсуға халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, бұл бағытта бірқатар мәселенің шешімін табуына жұмыс жасаймын.

«Ауыл – ел тірегі» демекші, ауыл халқының әлеуетін жақсарту мемлекет саясатының басты міндеті деп білемін. Сондықтан ауылды көркейту менің де басты жұмысым бола бермек.

Өзім Еңбектің тұрғыны болғандықтан бұл ауылдың тыныс-тіршілігі маған жат емес. Жалпы ауылда қандай мәселе бар, оның шешімі бар ма? Бұл сауалдардың күнтізбелік сұрақтарына сайлауға нақты мақсатпен үміткер болып отырмын.

Иә, туған жердің ауасын жұтып, топырағында ескесін сол елді мекеннің дамуына үлес қосу да керек. «Кіндік қаның тамған жерге мандайын» тері де таму керек» деп ақындар өлеңінде де үлкен палсапа жатыр. Мені де Еңбектің алдағы болашағы, ел ішіндегі мәселелер алаңдатпай қоймайды. Алдағы уақытта сол мәселелерді шешіміне жұмыс жасасам деймін. Әлбетте ол үшін сайлаушылар қолдауы бөрінен маңызды.



**Жанар ЖУМАГУЛОВА,**  
Еңбек ауылдық округі  
әкіміне үміткер  
Қаржысы облыстық  
бюджеттің қаражатынан төленді

# Ауыл дамыса, алға басамыз

Алдағы уақытта өтетін саяси науқанға қатысуыма жиган азды-көпті тәжірибемді тұтастай бір ауылдың болашағына жұмсасам деген ой сеп болып отыр. Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені тұтастай бір елді мекен халқының сеніміне жұмыс жасау оңай емес. Яғни бір өңірдің алдағы 4 жылдағы болашағы менің қарым-қабілетіме, іс жүргізуіме тікелей байланысты. Ал бұл уақыт ауылдың өкініш тынысын ашуға толықтай жетеді.

Соңғы жылдары Еңбек ауылы ерекше қарқынмен дамып жатқаны елдің көз алдында. Биылғы жылдың өңірінде де жүзеге асатын жарқын жобалар жоқ емес.

Елдің әлеуетін арттыру бөрінен маңызды. Ауыл әкімі ретінде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жаңа жұмыс кездерін ашуға жағдай жасаймын. Бірлік болмай тірлік болмайды. Қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету – баршамаңызға ортақ міндет. Себебі өзіміз тұратын елді мекеннің тазалығы баршамаңызды толғандыруы тиіс. Сондықтан ауылда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуге жұмыла жұмыс жасауды ұйымдастырамын. Әріне, бұл ретте елдің ынтымағы бөрінен маңызды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында

ауылдық округті көркейту-көгал-дандыру жұмыстарын қолға аламын.

Еңбек ауылында бүгінге дейін түрлі жарқын жобалардың жүзеге асуы жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасына да оң әсерін тигізуде. Ауыл – тынымсыз тірлік жасалып жатқан елді мекендердің бірі. Әсіресе ауылды көркейту, дамыту жолында жыл сайын жүйелі жұмыстар атқарылады. Ал әлеуметтің әлеуетін көтеру мақсатындағы жұмыстардың бірі кәсіпкерлерге қолдау көрсету екені белгілі. Кәсіп ашып, оны дамытатын деушілерге қашанда көмек қолын созу, қайтарымысыз грантқа ие болуға және төмен пайызбен несие алу жұмыстарына да жәрдемдесу менің назарымнан тыс қалмайды.

Бұл салада серпін қалыптасса, бірінші кезекте өңірдің кірісі еселенеді, елді мекенде жұмыссыздық мәселесін болдырмауға мүмкіндік туады, жергілікті халықтың екі қолға бір күрек табуына жағдай жасалып, бос жаңа жұмыс орындары ашылады. Сондықтан кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бағдарламалар арқылы жергілікті жастарды жаңа кәсіп кездерін ашуға жұмыс жасап, жаңа жобалар мен тың бастамаларды жүзеге асыру бағытында ауылдарға инвесторлар тартатын. Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұқаралық

спортты дамытудың маңызы жоғары. Бұл жергілікті халықтың денсаулығын жақсартуына мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау саласындағы халыққа тегін дәрігерлік қызметтің неғұрлым көбеюіне, ана мен бала өлімін болдырмауға ықпал ететін.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстаймын. Әлеуметтік осал топтарға бағытталған қолдау шараларын күшейту де назарымда болады. Ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тарту бағытында нақты жобаларды жүзеге асырамын.

Елді мекенде инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударамын. Ауылдағы жолдардың жөндеуі, электр желілерінің кедейсіз жұмыс атқаруына ықпал ететін. Учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесіп, жастар төрбесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіпті сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын. Ауыл шаруашылығы саласын өркендету мақсатында пайыздық үстемәкісі төмен несиелік бағ-



дарламалар қарастыруға, ауылдан түлеп ұшқан беделді азаматтармен акциялар өткізіп, мәдени, спорттық іс-шараларға демеушілік жасауға жұмыс жасаймын. Ел қолдаса, халықтың ертенге жұмыс жасауға өзірмін. Сондықтан алдағы сайлауда маған дауыс беруге шақырамын.

**Шынболат ЖУМАБЕКҰЛЫ,**  
Еңбек ауылдық округі  
әкіміне үміткер  
Қаржысы облыстық  
бюджеттің қаражатынан төленді

# Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясымен Жалағаш ауданының Аққыр ауылдық округінің шекарасы шегінде Аққыр ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі аумақтық сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 8-1-тармағына сәйкес және 113-1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасының негізінде Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 5 ақпандағы №АСК-24/64 қаулысымен Аққыр ауылдық округі әкімінің сайлауы 2025 жылғы 16 наурызға тағайындалды.

Аққыр ауылдық округі әкімінің сайлауын өзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну 2025 жылдың 6 ақпанда басталады және 2025 жылғы 18 ақпанда сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу кандидаттың барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және 2025 жылғы 23 ақпанда сағат 18.00 аяқталады.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32, Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.  
Телефондары: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04, электронды поштасы jalsay2019@mail.kz

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы:Қалыбаев Шарабан Мақсұтович – төраға, Доспанов Танатар Сағалович – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – хатшы, комиссия мүшелері: Байымбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Құлмұбаева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Теміржанұлы.

№140 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенев көшесі №4, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8 (724 31) 41-3-63

№140 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:Мәліков Ержан Дәулетбекұлы - төраға, Сисенова Шынарқұл Қайпазаровна- төраға орынбасары, Қуттыбаева Майра Келдибековна - хатшы, комиссия мүшелері - Қарабалаева Гүлжанат Сәбитқызы, Өтешова Инабат Сағындықызы.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

# Ветеринария саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясы тарапынан ветеринария саласы бойынша 2 түрлі мемлекеттік қызметті жүзеге асырылады.

1) Жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдерін экспортқа шығаруды жүзеге асыру барысында-ветеринариялық сертификат беру мемлекеттік қызмет көрсету.

2) Мемлекеттік ветеринариялық бақылау және қадағалау объектілеріне-ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру мемлекеттік қызмет көрсету.

Ветеринария саласы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен бекітілген «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарын» немесе ҚР ВБЖҚ-нің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясынан толықтай мәліметтер алуға болады. Мекен жайы: Жалағаш кенті, Бұқарбай батыр көшесі №228, тел: 87243132001.

Бекнұр АХМЕТОВ,

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясы басшысы



# Жалағашта жарқын жобалар жүзеге асуда



Биыл да меже айқын, енді бір аттаса, жергілікті шаруашылықтар көктемгі науқанға кіріседі. Осы жылы аудан бойынша 37 155 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарда бар. Оның ішінде негізгі дақыл күріші көлемі былтырғы межеде сақталып отыр.

Өткен жылы ауданда әр отбасы өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету үшін шаруашылық құрылымдарымен 500 гектар жер дайындалған. 188 гектар жерге картоп, 191 гектар жерге бақша, 121 гектар жерге көкөніс дақылдары егіліп, барлығы жинап алынды.

Жалпы бұл жобаның тиімді тұсы көп. Тарқатып айтсақ, бақша салуға ниетті тұрғындарға жергілікті шаруашылықтар жер ашып, оны қоршап, тіпті аяқсу да жеткізіп береді. Ал халық тек өкпенің күтіміне ғана жауапты. Аймақ басшысының тапсырмасымен жүзеге асқан жобаның жергілікті жұрт толық игілігін көріп отыр десе де болады. Мәселен, кеше елімізде бақша өнімдері, оның ішінде картоптың құны көтерілгенде Жалағашта бұған қатысты айтарлықтай мәселе болған жоқ. Демек аудан жұрты өз-өзін қажетті бақша өнімдерімен қамтамасыз етуде жаздай табанды еңбек еткен.

Егін шаруашылығымен бірге ауданда мал шаруашылығы да қарқынды дамуда. Былтыр жыл қорытындысымен 31 111 ірі қара, 23 872 уақ мал, 31 193 жылқы, 736 түіе тіркелген.

## Жол сапасы жақсарған

Соңғы жылдары Жалағаш ауданы құрылыс алаңына айналды десе де болады. Әсіресе ауданда жол құрылысына басымдық берілген. Былтыр бұл бағытта 5 жобаға бюджеттен 1 млрд 293 млн теңге қаралған. Тиісті қаражатқа Бұқарбай батыр, Аққұм, Есет батыр ауылдарының 17 ішкі көшесіне және М.Шәменов ауылының кіреберіс автомобиль жолын күрделі жөндеу, Таң ауылындағы екіпәтерлі 10 тұрғын үйге кірме автомобиль жолын салу жұмыстары жүргізілді.

Ардақ Әбдіғалпұрылы биыл да бұл қарқын сақталатынын айтады. Ауданның жол саласын дамытуға бюджеттен 1 млрд 731 млн теңге қаралған. Тиісті қаражатқа 24,6 шақырымды құрайтын автомобиль жолдары және ішкі көшелер жөндеуден өтеді. Олардың қатарында 2,3 шақырымды құрайтын «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай кәлпе» аудандық маңызы бар автомобиль жолы бар. Биыл дәл осы жол күрделі жөндеуден өтеді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 22,3 шақырымды құрайтын Жалағаш кенті мен 5 елді мекенде

35 ішкі көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

– Елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша нәтижелі жұмыс жасалуда. Бүгінде аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған таза ауыз сумен қамтылған. Жалағаш ауданы бойынша электр желілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақырымды құрайды. Өткен жылы Мырзабай ахун, Т.Жүргенов, Есет батыр елді мекендерінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына республикалық бюджеттен 922 млн теңге бөлініп, пайдалануға берілді. Аталған жобалар нәтижесінде аудан бойынша электр жүйесінің тозу деңгейі 45,2 пайыздан 32,5 пайызға төмендеді. Қазіргі уақытта Жалағаш кенті, Еңбек, М.Шәменов ауылдарының электр желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге демеушілер есебінен жоба сметалық құжат дайындалып, бюджеттен қаржыландыруға ұсынылды, – деді аудан әкімі.

## Қос ауыл көгілдір отынның игілігін көріп отыр

Спикер ауданда газдандыру жұмыстарына да кеңінен тоқталды. Сөзінше, Жалағашта екі ауыл көгілдір отын тұтынады. Алдағы уақытта басқа да ауылдық елді мекендерге газ тарту жұмыстарын жүргізу жоспарда бар.

Бүгінде аудан халқының 46,6 пайызы көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Өткен жылы Ақсу, М.Шәменов елді мекендері газға қосылды. Бұл мақсатқа бюджеттен 1 млрд 83 млн теңге қаралған.

Елді мекендерді табиғи газ желісіне қосуды жалғастыру мақсатында Бұқарбай батыр, Қаракеткен, Далдабай елді мекендерін газдандыру жұмыстарына демеушілер есебінен жобалау-сметалық құжаттары әзірленген. Бүгінде дайын жобалар бюджетке қаржыландыруға ұсынылған.

Халықтың өмір сүру сапасын жақсартудағы маңызды фактор – сапалы инфрақұрылым, баспанамен қамту. Осы тұрғыда аудан орталығында жаңа тұрғын үйлер салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда 111 пәтер салынып, кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына табысталады. Сондай-ақ елді мекендердегі учаскелік полиция инспекторларын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында былтыр жалпы құны 6,8 млн теңгеге 2 қызметтік тұрғын үй сатып алынған.

## 2023 жаңа жұмыс орны ашылған

Әлеуметтік сала бойынша да айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізілген. Ардақ Ибраимов «халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты міндеттеріміздің

бірі» дейді. Ауданда еңбек нарығын дамыту, азаматтарды тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету үшін бірқатар шара қабылданды. Ал жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрайды, жастар арасында бұл көрсеткіш 4,4 пайызға жеткен.

Былтыр ауданда 2053 жаңа жұмыс орны ашылған. Ауданда әлеуметтік жағынан осал отбасылар мүшелеріне қайырымдылық шаралары үнемі жүргізіліп келеді. Өткен жылы 1532 тұрғынға қайырымдылық шаралары ұйымдастырылған. Әсіресе қазіргі кезеңде жұмыссыздықты азайту үшін кәсіпкерлікті дамыту, жаңа бизнес бастамаларына қолдау көрсету маңызды. Ауданда осы бағытта бойынша жұмыс жүргізіліп, тұрақты жұмыс орындарын ашу мақсатында үлкен қадам жасалған.

Жалағаштық ұстаздардың жыл сайын нәтижелі жұмыс жасап жатқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл сөзімізді түлектердің жыл сайын жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім игеруге мүмкіндік алуы, жалпы оқушылардың білім бөйгелеріндегі толайым жетістігі қуаттайды. Аудан әкімі кешегі брифингте саладағы нәтижелі жұмысты да кеңінен тарқатты. Сондай-ақ ол осыған дейін мемлекет тарапынан үлкен қолдау болғанын, алдағы уақытта да елі де саланы қолдау бағытында нақты жобалар жүзеге асатынын жасырмады.

– Білім саласы бойынша мемлекет қолдауының нәтижесінде 2024 жылға 14,5 млрд теңге бөлініп, 2023 жылмен салыстырғанда 30 пайызға артып отыр. Бұл ауданда ауқымды жұмыстардың атқарылуына, мұғалім мен оқушыға тиімді жағдай жасалуына өз септігін тигізуде. Өткен жылы дәстүрлі тамыз кеңесінде білім беру ұйымдары арасында «Үздік орта білім беру ұйымы» номинациясын Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі жеңіп алып, облыс әкімінің 34 млн теңге грант иегері атанды. Былтыр «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Бұқарбай батыр ауылындағы №33 мектепке 429 млн теңге бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоры есебінен ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту бағдарламасы аясында Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейіне 250 млн теңге қаралып, оқу кабинеттері мен зертханалар заман талабына сай жаңа жабдықтармен жарақталды. Сондай-ақ Таң ауылындағы №118 орта мектеп аумағын абаттандыру жұмыстарына 78 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілді, – деді аудан әкімі.

Ардақ Әбдіғалпұрылы биыл да аудандағы білім ошақтарының сапасына жіті мән берілетінін жеткізді. Тарқатып айтсақ, биыл

1 мектепке күрделі жөндеу, 1 мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар кент орталығындағы 3 мектептің жанынан жаңа ойын алаңдары салынады. 2 мектептің ойын алаңдары күрделі жөндеуден өткізіледі.

Өңірде мәдениет саласында да ауқымды жобалар іске асырылуда. Былтыр «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасына сәйкес ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға, балалар мен жасөспірімдерді мәдени тәрбиемен қамтуға бағытталған түрлі форматтағы 1865 іс-шара өткізілді. «Мерейлі отбасы – 2024» ұлттық конкурсына Жалағаш ауданынан Бектаевтар отбасы қатысып, облыстық кезеңде бас жүлде иеленсе, республикалық салтанатта ұлттық конкурсының лауреаты атанды.

Ауданда өткен жылдың ең ауқымды жобаларының бірі жалпы құны 1,6 млрд теңгеге құрайтын «Руханият» орталығы құрылысы жүргізіліп, облыс әкімінің қатысуымен бұл қаржы ағымда пайдалануға берілді. Сонымен қатар Мәдениет саласының инфрақұрылымын дамыту мақсатында Таң ауылдық мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 351 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ауданда есепке алынған 61 тарихи және мәдени ескерткіштердің біреуі республикалық маңызы бар, 57-сі жергілікті маңызы бар, 3-еуі алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген. 17 ескерткішке QR-код тақтайшасы орнатылды. Демеушілер есебінен Мырзабай ахун мешітіне жөй жөндеу жұмыстары және Мырзабай ахун жерлеу кешеніне консервациялау жұмыстары жүргізілді.

Спорт саласындағы жетістіктер де аз емес. Спортшылар түрлі облыстық және республикалық деңгейде жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Әсіресе жас спортшыларымыз түрлі жарыстарда үздік атанып, ауданның даңқын шығарып жүр. Тарқатып айтсақ, аудан спортшылары әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда түрлі деңгейдегі 224 медаль алып, жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Бүгінгі таңда 14 мыңнан аса аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты айналысады. Бұл жалпы тұрғындардың 40,5 пайызын құрайды.

Ауыл жастарын спортпен шұғылдандыруға жағдай жасау үшін «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінен жалпы құны 175 млн теңге болатын спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Жақын арада бұл нысан да елі игілігіне пайдалануға беріледі.

Ауданда денсаулық сақтау саласы жылдан-жылға дамып келеді. Типтік үлгідегі жаңа аурухана, жаңа емхана аудан тұрғындарының денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде.

Былтыр Мырзабай ахун, Аламекек ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілсе, былп қаңтарда Қаракеткен ауылындағы типтік жобадағы жаңа дәрігерлік амбулатория елі игілігіне берілді. Жаңа нысандар науқастарға сапалы, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін заманауи құрал-жабдықтармен жасақталған. Сондай-ақ облыс әкімінің қолдауымен былтыр ауданның денсаулық сақтау саласы 11 жедел жәрдем автокөлігімен толықты.

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында аудан көлемінде «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ» және «Мөлдір бұлақ» санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандыру апталықтары өткізілді. Оған апта сайын 3 мыңға жуық адам, 27 арнайы техника қатысты. Сонымен қатар 2 200 тонна қатты қалдық белгіленген орындарға арнайы техникалар арқылы жеткізілді. Бұдан бөлек аллеялардың, саябақтардың және тарихи-мәдени ескерткіштердің аумақтары тазартылып, әрлеп-сырлау жұмыстары жүргізілді. Науқанға үлес қосу және туған өлкені көркейту-көгалдандыру мақсатында аудан ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, шаруашылық басшылары, еріктілер, тұрғындар мен жастар жоспарланған әрбір шараға белсенді қатысып келеді. Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығына сәйкес аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен екінші рет өткізілген облыстық «Үлгілі елді мекен» конкурсының нәтижесімен «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша Еңбек ауылдық округі і орынды иеленсе, «Үлгілі елді мекен» номинациясы бойынша Аққыр ауылына 15 млн теңге қаржылай қолдау көрсетілді, – деді Ардақ Ибраимов.

Иә, бір жыл аз уақыт емес, бірақ 12 айда атқарылған жұмыс та көп. Бастысы, барлық жобаның халық игілігін көруде. Аудан әкімі алдағы уақытта да жұмыс қарқыны бәсеңдемейтінін айтып бір қуантты. Сондай-ақ ол брифинг сөйлеуінде БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалын да жауапсыз қалдырмады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ  
БАСЫ 1-БЕТТЕ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-56

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №217

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal\_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ